

# егемен Қазақстан

## Дарын даңғылы

«Тәуелсіздігіміздің тал бесігі – Алматыда ұлтымыздың ұлы ақыны Тұманбай Молдағалиев атындағы көше мен ақын ескерткіші қашан болады?» деген халық сұранысына орай қаламгерлік үнқосу.



Айтжан Мұрзанов(фото)

Қазақ поэзиясы Құлагерлерінің бірі Сырбай Мәуленовтің: «Кетті олар мұңайтып кеше мені, Алматыда ақындар көшелері» деген өлең жолдары осы күндерде, «Алматы ақшамы» газетінде «осы қалада әлі күнге дейін Тұманбай Молдағалиев атындағы көше неге жоқ?» деген өтініш-ескертпеден кейін, ойыма жиі түсетін болды. Аллаға сансыз мадақ,

Алматыда ақындар атындағы даңғылдар мен көшелер баршылық. Бұл Алматы – ақындар қаласы деген поэтикалық тіркеске толық жауап беретін дерек деп айтар едік. Неге екенін білмеймін, еліміздің көптеген қалаларын кейде прозалық қала, драмалық қала, тіпті кейде комедиялық қала деп бөлетін қызық мінезім бар. Ал Алматы ол тек қана – поэтикалық қала. Ақын қала.

«Ақындар ауылда туып, Алматыда жерленеді» деген тіркесті де Парижден ұрлап алған жайымыз жоқ. Қазақ сөзі қай кезде де айтылар кезде айтылған, жазылар кезде жазылған. Рухы реңдес, баяны бірөндес, тіркесі тілеулес, тірлігі түгендес ойдың бір-бірін қайталап жатуы да – өмірлік өрім. Сұлу жырдың, сазды сырдың сұлейі Сырағанның суырылып айтқан сүмбіле сөзі айналып келгенде, сәті түскенде Алматыда Сырбай Мәуленов атындағы көше болып жайылып сала берді. Ақынның кесек бітіміндей кең көше.

«Жүрегіме жақын сенің есімің, Анам десем, әкем десем, несі мін, Жарқыраған көк тасыңда, көшенде, Ізі қалған Сәкен бәтеңкесінің» деп төгілген Төлегеннің төкпесі тәуелсіздік туғанда «Айбергенов көшесі» атанып, айдынға айдын, айбынға айбын қосты. Бір кездері жиырма жеті жасымда Алматының шет жағында ошағандай ұйысқан, атауынан тілің тұтығып, ауызың адасатын көшелерде үй жалдап тұрып жатқан жылдарда: «Ақындарым, арман алаң, күй алаң, Сендер бәлкім қарайсындар қиядан, Келе жатып темір-терсек көшеде, Мұқағали, Төлегеннен ұялам» деп жазғаным еске түседі. Тәуелсіздік түзеді көбін, түзеп келе жатыр, түзей береді. Ақындар айдыны, дарындар даңғылы қанатын жая береді. Күндердің күнінде сол көшелердің бастауында өзіміз көзін көрген көшелі аға, көркем апа – ақындардың мәрмәр мүсіндері бүгінгі ұрпаққа ойлы көзбен қарап тұратын болар.

1969 жылы қазақ жұртының сан қиырынан арман қуып келіп, Алматыда бас қосып, ҚазГУ-дің тіл-әдебиет факультетіне оқуға түстік. Елу бала, елу үміт, елу толқын, ерік-жігері тасыған елу жүрек. Сөз өнерінен із аңдығасын болар, сол кездегі «модный» ақындар туралы да аз-кем біліп қалған жайымыз бар. Солардың ішінде Тұманбай мен Қадырдың есімдері ерекше аталады. Университеттің тіл-әдебиет және журналистика факультеттерінің кез келген студенті бұл екеуінің өлеңдерін тұра қалып, жүйіткітіп оқи жөнеледі. Әсіресе махаббат жырларына келгенде жаныңды баурап, сырыңды аулап, ұшқыны лаулап ала жөнелетін Тұманбайдың дабысы Тайбуырылдың шабысы, телегейдің ағысы секілді.

1970 жылдың күзінде Қазақ политехникалық институтының үлкен мәжіліс залында ақындар Қадыр Мырзалиевпен, Тұманбай Молдағалиевпен, Шона Смаханұлымен, Асқар Оразақынмен кездесу болды. Үлкен залда тіпті тұратын жер болмағасын, залдың екі жеріндегі емен есіктер қаусыра жабылып еді, сыртта қалған өлеңсүйер қауым, жастар әлгі есіктерді сындырып, бұзып кірді. Мұндайды бірінші рет көрген біздер ақындардың Алла берген абыройына сонда балаң көңілмен сиқыр көргендей арбалған едік. Бірінші Қадыр шықты, 4-5 өлеңін оқып еді, жұрт жібермеді, зал ду-ду, оның өлеңдерінің атын айтып, аттандап жатыр. Ақынның жүзі нұрланып, маңдайы бусанып, шалқып оқыды, шаттанып оқыды, өзі де толқыды, жұртты да толқытты. Зорға босаттық. Алақан қызып, арқа терледі. Енді Тұманбай шықты. Құданың құдіреті, зал тіпті аттандап кетті. Жігіттер жалындап, қыздар жылап, жыр жәрмеңкесі алауға айналды. «Танысқанда сен он бесте, жаста едің, Мен де онда өзгеше едім, басқа едім, Тұрдың үнсіз көз алдымда мөлдіреп, Мөлдір көзден

үзіліп түскен жас па едің?» дегенде, қасымызда күнде көріп жүрген қыздар шетінен сұлу болып кетіп еді. Оларды өлең құлпыртып еді.

«Ат суара барғанда жылғаға мен, Ашаң жүзің ашылып, бір қарап ең, Құлағыңда ай сырған тұрған әрең» дегенде, жігіт біткен қыздардың құлақтарына жалт қарағанбыз. Олардың да құлақтарындағы жай сырғалардың өзі көңіл айында алтындай жарқырап кеткен. Сөйтіп шалқып тұрғанымызда: «Жылдар, жылдар, жылдарым, қайда ақтың, Әжім түсті үстіне айқабактың, Балалығым ақсары қызбен бірге, кетіп қапты, Мен оны байқамаппын» дегенде жігіттердің жігері жасып, қыздар жағы желген судың жағасындағы қайраңда ойнаған ақ шабақтай жарқыл қағып еді. Сол кезде бүкіл зал Тұмағаңа «махаббат ақыны» деген атақты бірауыздан берген. Саналы ғұмырында саңлақ ақын талай атақты қанжығасына бөктерді, бірақ туған халқы берген «Махаббат ақыны» деген атақ бәрінен қымбат еді. Оны өзі де талай рет айтып, тебіренгені бар. Мақтанғаны бар, мақтауға татитын еді.

Кейінгі жылдарда Тұмағаңмен талай рет сапарлас болдым, бас қосуларда бірге болдым, талай жыр кештерінде алақанды қыздырып, жырларына үздігіп, биік мәртебесіне куә болдым, тіпті кей кездерде онымен бірге халық алдында жыр оқудың да реті келді. Бірақ бұдан 48 жыл бұрынғы сол кездесудегі Тұманбайды жүрек жазбасында сол күйінде сақтап қалдым. Бақытсыздау бала шағы ғұмыр бойы бақытқа бөленген ақын кім десе, Тұмағаңнан артық ақынды таба алмаспыз. Халқын бақытқа бөлеген ақын кім десе, Тұмағаңнан артық ақынды таба алмаспыз. Өз елін өле сүйген ақын кім десе, Тұмағаңнан артық ақынды таба алмаспыз. Өз халқын өмір бойы әнге бөлеген ақын кім десе, Тұмағаңнан артық ақынды таба алмаспыз.

Қазақтың ұлы ақыны Тұманбай Молдағалиев менің ұстазым еді. Менің бұл сөзім, мүмкін артықтау болар, мақтанғаным болар. Өйткені ол ілгерілі-кейінді қалам тербеген, қазіргі қазақ жырында қалам ұстап келе жатқан жүздеген ақынның ұстазы болған ақын. Ең нәзік, ең терең, ең мөлдір, ең сыршыл, ең мұңшыл, ең сұлу, ең көркем, ең иірімді, ең мейірімді, ең шуақты, ең қуатты, ең сағынышты, ең арманшыл, ең отаншыл, ең елшіл лириканың хас шебері, сөзінің самалы, жанының жамалы бар ақын Тұманбай Молдағалиев еді десек, теңеуімізге таласатын жан бола қояр ма екен?

1973 жылы курстас досым Абайбек марқұм қоярда-қоймай менің бір топ өлеңімді тартып алып, сүйрегендей етіп, Тұмағаңа алып кірді. Тұмағаң ол кезде жарығы айға дейін жеткен «Жалын» альманағының бас редакторы екен. Қысыла кіріп, есік көзіне жайғасып едік, төрге шақырып, бұйымтай сұрады. Абайбек қолындағы өлеңдерін ұсынды. Асықпай қарап отыр, арасында бізге де бірер ауыз тіл қатып қояды. Бір кезде алдындағы қара телефонды алып, бір жаққа қоңырау шалып еді, шашы желкесін жапқан, түр-түсі қазақтан гөрі кәріске келіңкірейтін, бірақ түрі сары (сары кәрісті әлі көре алмай келем) жас жігіт кіріп келді. «Жарасқан, мына бала ақын болғалы тұрған жас екен, мен белгілеп берген өлеңдерін бара жатқан нөмірге шұғыл сал, суретімен береміз, оны да алдыр» деп тапсырма берді де, ал Абайбек інім, жаза бер, іздене бер» деп оған пейілдене қол ұсынды. Абайбек сасқалақтап, сәл тұтығып: «Аға, бұл өлеңдердің авторы мына Өтеген досым еді, кешіріңіз» деп тіл қатты. «Ой, әке, сен азамат екенсің, досыңды қамқорлап отыр екенсің ғой, жарадың» деп жақсы аға жадырай күлді. Осылайша 1973 жылы, ҚазГУ-дің студенті

кезімде «Жалынға» бір топ өлеңім суретіммен шығып еді. Сонда Тұмағанды ұстаз демей, не деймін, әрине ол – республикалық деңгейдегі алғашқы ұстазым.

Кейінгі жылдары, елордамыз Сарыарқа жеріне қоныс аударғалы, Тұмағаң Астанаға жиі келіп жүрді. 2004 жылғы желтоқсан айында Президент резиденциясы жаңа мекенге – «Ақордаға» көшіп кірді. 2006 жылдың мамыр айында Қанат Бекмырзаұлы Саудабаев АҚШ-тан еліміздің Мемлекеттік хатшысы болып жаңа қызметке келді. Мен оның кеңесшісі болып бекідім. Сол кезеңде Тұмағаң Ақордаға жиі келіп тұратын. Шығарда: «Әке, Астанаға шыққалы отырмын, Қанат ауылда ма?» деп телефон шалады. «Айтып қоярсың, ертең келем» дейді. Келгесін, әуелі маған соғып, жай-жапсарды біледі. Өмір, өлең, заман туралы аз-кем сұхбат құрамыз. Сосын: «Әке, осы мен қандай ақынмын?» деп сұрақ қойып, соған кәдімгідей ынта қойып, жауап күтеді. «Ұлы ақынсыз» деймін пейілдене жауап беріп. «Рас айтасың ба?» дейді қуанған түрін байқатпауға тырысып. «Ақордада отырып, өтірік айтуға болмайды, Тұмаға» деймін. «Дұрыс, бұл жерде өтірік айтуға болмайды, сендер өтірік айтсаңдар, мына заман не болады?» дейді сәл абыржып. Абыржығаны да ақиқат болатын.

«Осы Қадыр ағаң қандай ақын?» дейді келесі сұрағын қойып. Не айтар екен деп, көзі күліп отырады. «Ол сізден кейінгі ақын» деймін ыңғайын байқап. Жадырап күледі де: «Әке, өтірік айтпа дегенім қайда, ол да ұлы ақын ғой» дейді Қадырды аяғандай. «Оны сіз айтыңыз, әйтпесе ағасын мақтап отыр дейсіз ғой» деймін әзілге бұрып. Сосын орнынан тұрып, аю аяңға салып, Қанат інісіне қарай кетеді. «Қазір қайтып келем, әке, сен ешқайда кетпе, мені күт» дейді артына бір қарап қойып. Күтіп отырамын. Қанекең: «ағаңды шығарып сал» деп қоңырау шалады. Кетіп бара жатып: «мен өлеңді туамын, Қадыр ағаң жасайды» дейді. «Жасағасын өлең тумай ма?» деймін астарлап сөйлеп. Бірден тақырыпты өзгертіп: «Оның кинг ойнамайтыны жаман, ақшасын аяйды» дейді және. Уақытын аяйды ғой, әйтпесе ақшасы баршылық қой деймін Қадекеңді қорғап. «Мені де осылай қорғайсың ба, әке» дейді шынайы жауап күтіп. «Әрине, ол ағам, ал сіз менің ұстазымсыз ғой» деймін пейілдене. Құшақтап бетімнен сүйеді.

Домбыраның қос ішегіндей қатар сөйлеген, темір жолдай қатар жүгірген, құс қанатындай қатар сермелген, арман мен үміттей адам жанын қатар баураған қос талант, дара дарындар жыр бәйгесінде құлақ тістесіп қатар шапты. Бірі озса, екіншісі қуанды, бірі қуанса, екіншісі шаттанды, намысы да, шабысы қатар болды, өмірден озуы да қарайлас келді. Бірі ұлтының ұлы тарихын жырмен жазды, бірі ұлтының ұлы махаббатын өлеңмен өрді. Әнге сөз жазудан Тұмағаңның алдына түскен ақын жоқ. Алда да ешкім түсе алмас. «Жырым мені ешқашан өлтірмейді» деп өзі жазғандай, оның қаламынан, жүрегінен десек, тіпті жарасып кетер, туған жырлар қыздың баласындай, аққудың көгілдіріндей, аруананың бүлдіршініндей, балықтың сүйірігіндей, көңілдің жүйірігіндей, барыстың мәуленіндей, дүниенің дәуреніндей еді.

Қадыр ақын қасиетті туған жеріне, кіндік кескен еліне қайта оралды. Оралына оралды. Ескерткіш болып оралды, мұражай болып оралды, алаң болып оралды, даңғыл болып оралды. Руханияттың ұлы мұрасындай болып бүгінгі күннен ертеңге тіл қатып тұр. Абыройы ортақ істі атқарған азаматтарға алғыс, Қадырдың қадірін білетін ұрпақ бар екен. Сол ұрпақ аман болсын. Өмір бойы қатар келе жатқан, бір-бірін жібермеген қос жүйріктің бірі – Тұмағаң осы жерде қапы қалған сияқты болып көрінеді. Алматысын, Алатауын әнге

де қосқан, жырға да қосқан, анасындай сүйген, әкесіндей құрметтеген, жарындай аялаған, ұрпағындай әлпештеген ұлы ақынның көшесін іздеп, көңілі алаң болған көптің ішінде мен де бармын. Әуелі, бұдан бірер жыл бұрын, ақын інім Ауыт Мұқибек алаң көңілін білдіріп, арнайы арзу айтты. Жас жігітке тән мінезбен жігерін демдеп айтып еді.

Жақында Алматының бас газеті – «Ақшамында» жазушы Жанар Әбдішованың «Тұманбайдың көшесінде жүріп, ескерткішін көргім келеді» деген мақаласы жарияланды. Мақала орынды, ойлы, ұсынақты, ұғымтал жазылған. Және бұл мақаланы жазуға Жанардың толықтай адами-имани, қаламгерлік құқы бар. Жанар – менің курстасым. Жақсы жазып келе жатқан қаламгер. 1974 жылы Жанар диплом жұмысының тақырыбын «Тұманбай Молдағалиевтің поэзиясы» деп бекітіп алып, «беске» қорғап шыққан. Дипломын жазу барысында екеуміз бірнеше рет сөйлесіп, ақылдасып, білгенімізді ортаға салғанбыз. Ол Тұмағанның өлеңдерін өзінен кем білмейтін, талдауы да, ой-пікірінің самғауы да көп көңілінен шықты. «Ақшамда» жазылған пікір-ұсыныстары, келтірген дәлел-деректері, сөз саптау мәдениеті, авторлық көзқарасы тұрғысынан көтерген мәселеге рухани-әдеби дайындықпен келгені көзге айқын көрініп, көңілге жайлы орнықты.

Туған жерінде, өзі өмір бойы жырлап, тауыса алмай кеткен Алматысында биік тұғырда еңселі ескерткіш болып тұруға лайықты бір тұлға болса, ол – Тұманбай Молдағалиев. Бір көше болып, айдынданып жатса, оған лайықты – Тұманбай Молдағалиев. Көктем келіп, құстар әні Алматы аспанын тербегенде есімізге түсетін бір ақын болса ол – Тұманбай Молдағалиев. Алматының арулары «Бақыт құшағында» тербелсе, оны тербеткен – Тұманбай Молдағалиев. «Алматы түнінде» «Көктем шақырса» «Көзімізді жұмсақ та» көретініміз – «Алатауымыз». Ол жазған 500-ге жуық ән мәтіндерінің бәрін тізсек, бұлардың өзі бір даңғыл болып, Алматыдан Есік қаласына дейін жетер еді. Ол жазған «Құстар әні» Алматы асып, Африкаға жетіп, халық әні секілді болып, қазынаға айналғалы қашан? Студент кезімде Болгарияның астанасы София қаласындағы Климент Охридский атындағы университетте тағылымдамада жүргенімде мен домбырамен қостап, осы «Құстар әнін» болғар радиосына жаздырғанымыз да еске түсті. Болғарлар қостағанда бізге керісінше бастарын шайқайды екен, талай болғардың басын шайқалтып едік. Бұл тарихтың да авторы – Тұманбай Молдағалиев. Демек, Тұмағаң өлмеген, өлмейтін адам. Ол – дарын даңғылы. Тотыдайын таранып, сұңқардайын сыланып, күн өткен сайын көркейіп, түн өткен сайын түрленіп, жасарып, жайнап келе жатқан алып шаһардың бір көшесі Тұманбай Молдағалиев атын алып, Алатауға қарай айдыны созылып жататын күн де келер. Өз жұртының жүрегіне жерленген жайсаң аға, жарқын талант, жасампаз жыр иесі Тұманбай Молдағалиевтің атындағы көшенің бойында, оның еңселі ескерткішінің алдында тұрған ел қарасы көңіл көзіне түседі. Өйткені дарын даңғылы туған халқының жүрегінен басталады. Жүректен басталған жол жүрекке жетеді.

Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ

ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері